

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 1344 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 15 қазандағы N 951 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 1344 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 49, 638-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының тізбесінде:

"Мынадай су объектілерінде орналасқан су шаруашылығы құрылыстары (бөгеттер, су тораптары, басқа да гидротехникалық құрылыстар)" деген I-бөлімде:

1) тармақшадағы "Вячеслав" деген сөз "Астана" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 64), 65), 66) тармақшалармен толықтырылсын:

- "64) Шабакты өзеніндегі Ынталы су қоймасы;
- 65) Күрті өзеніндегі Күрті су қоймасы;
- 66) Чаглинка өзеніндегі Чаглинка су қоймасы."

"Мынадай су шаруашылығы құрылыстары" деген 2-бөлімде мынадай мазмұндағы 99), 100), 101), 102), 103), 104), 105), 106), 107), 108), 109), 110), 111) тармақшалармен толықтырылсын:

- "99) Солтүстік Арал теңізінің су тартқыш бөгеті;
 - 100) Белая өзеніндегі су тартқыш бөгеті;
 - 101) Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығының су тораптары;
 - 102) Краснобор су қоймасы;
 - 103) Шымбұлақ бөгеті;
 - 104) Сол жағалау және Оң жағалау магистральды каналдарымен Тасқұтан су тартқыш бөгеті;
 - 105) Құраксу бөгеті;
 - 106) Кобяково - Забурунье каналының бас бөлігіндегі бөгет;
 - 107) Тоғыс су қоймасының қосымша су беретін Сол жағалау каналы;
 - 108) Бөген су қоймасының қосымша су беретін Арыс каналы;
 - 109) Базарбай магистральды каналы;
 - 110) Раис магистральды каналы;
 - 111) Қож магистральды каналы."
- "Топтық су құбырлары" деген 3-бөлім мынадай мазмұндағы 22), 23)

тармақшалармен

толықтырылсын:

"22) Іле ауданындағы Бозой топтық су құбыры;
23) Еңбекшіқазақ ауданындағы Түрген топтық су құбыры."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК